



Бекітемін
«Қазақконцерт» мемлекеттік
концерттік ұйымы» РМҚК

директоры

Ж. Сейдуллаұлы

«__» қазан 2020 жыл

«Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

1. Құжаттың мақсаты

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және Кәсіпорынның, басшылықтың, жұмыскерлердің және Кәсіпорын атынан әрекет ете алатын өзге де тұлғалардың қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауға бағытталған басты қағидаттары мен талаптарын айқындайтын құжат болып табылады.

1.2. Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Кәсіпорынның Жарғысы құрайды.

1.3. Саясат Қазақстанда және әлемнің басқа елдерінде «сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлық әрекеттері», «сыбайлас жемқорлық қызметі», әдетте, пара беру немесе алу, пара беру немесе алу делдалдығы, қызмет бабын немесе өкілеттіктерін теріс пайдалану, коммерциялық сатып алу, рәсімділікті оңайлату үшін төлемдер, пайда табу үшін ақша, құндылықтар, өзге де мүлік, қызметтер түрінде лауазымды адамның өз жағдайын заңсыз пайдалануы, өзі немесе өзге адамдар үшін заңсыз пайда табу немесе сол тұлғаның өзгеге құқықтарды заңсыз беруі ескеріле отырып тұжырымдалады.

1.4. Кәсіпорын осы Саясатты интернет желісіндегі корпоративтік сайтқа еркін қолжетімді түрде орналастырады, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, барлық контрагенттердің, жұмыскерлердің және өзге де тұлғалардың осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын мақұлдайды және көтермелейді.

2. Саясат мақсаттары

2.1. Саясат Кәсіпорынның және оның басшылығының жоғары этикалық стандарттарға және бизнесті ашық және адал жүргізу қағидаттарына адалдығын, сондай-ақ іскерлік беделді тиісті деңгейде ұстап тұруға ұмтылысын айқындайды.

2.2. Кәсіпорынның алдына қойған мақсаттары:

- Кәсіпорынды, басшылықты және атқаратын лауазымына қарамастан жұмыскерлерді (бұдан әрі бірлесіп – «Жұмыскерлер») сыбайлас жемқорлыққа тартудың тәуекелін азайту.
- Контрагенттерде, жұмыскерлерде және өзге де тұлғаларда кез келген жағдайда сыбайлас жемқорлықты қабылдамау туралы Кәсіпорын саясатын бірыңғай түсінуді қалыптастыру.
- Кәсіпорын жұмыскерлерінің осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың

негізгі нормаларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түйінді рәсімдерді білу және сақтау міндетін қалыптастыру.

3. Қолданылу саласы және міндеттері

3.1. Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері осы Саясатты басшылыққа алып, оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтауы тиіс.

3.2. Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары олармен жасалған шарттарда, олардың ішкі құжаттарында бекітілген не заңнан тікелей туындайтын жағдайларда контрагенттерге және кәсіпорын өкілдеріне, жұмыскерлерге, сондай-ақ өзге де адамдарға қолданылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заңнама

4.1. Жұмыскерлер қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексімен, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен және өзге де нормативтік актілермен белгіленген нормаларын сақтауы тиіс.

4.2. Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары, олардың негізгі талаптары:

4.2.1. Пара беруге тыйым салу, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге пайданы/артықшылықты беруге уәде беру немесе ұсыну;

4.2.2. Пара алуға тыйым салу, яғни өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық алуға келісім беру немесе алу;

4.2.3. Мемлекеттік қызметкерлерді параға сатып алуға, яғни мемлекеттік қызметкерге (тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы) бизнесті алу/ұстап қалу немесе коммерциялық ұйым үшін бәсекелі немесе өзге де артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін оның ресми міндеттерін орындауына ықпал ету мақсатында кез келген қаржылық немесе басқа да пайданы/артықшылықтарды беруге немесе уәде беруге тыйым салу;

4.2.4. Коммерциялық ұйымның онымен қауымдасқан тұлғаның осындай коммерциялық ұйым атынан басқа тұлғаға пара беруін болдырмауға қабілетсіздігі, яғни егер коммерциялық ұйым оның паракорлықты болдырмау жөніндегі қолданыстағы барабар рәсімдерінің болуын дәлелдемесе, мұндай ұйым бизнесті сатып алу немесе сақтау, коммерциялық және бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық ұйымның мүддесі үшін немесе оның атынан қызмет көрсететін тұлғаның (мысалы, агенттің, еншілес қоғамның, қызметкердің) пара бергені үшін жауапты болады.

4.3. Баяндалғанды ескере отырып, Кәсіпорынның барлық жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама, жеке немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, әкімшілік, бюрократиялық және өзге де рәсімділікті оңайлату үшін кез келген түрде,

оның ішінде ақша қаражаты, құндылықтар, көрсетілетін қызметтер немесе өзге де пайда түрінде қандай да бір адамдарға және қандай да бір адамдардан немесе ұйымдардан, соның ішінде коммерциялық ұйымдардан, билік және өзін-өзі басқару органдарынан, мемлекеттік қызметкерлерден, жеке компаниялар мен олардың өкілдерінен пара алуға және сұрауға, пара беруге, беруге уәде беруге, ұсынуға тыйым салынады.

5. Жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері

5.1. Кәсіпорын жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері:

5.1.1. Қалыс қалу:

- Кәсіпорынның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан;

- басқалардың мүддесі үшін немесе Кәсіпорын атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп түсіндіретін іс-әрекеттен;

5.1.2. Кәсіпорын директорына дереу хабарлау:

- жұмыскерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы;

- жұмыскерге басқа жұмыскерлердің, контрагенттердің немесе өзге адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жөнінде белгілі болған ақпарат туралы.

5.1.3. Жұмыскерде мүдделер шиеленісінің туындау мүмкіндігі немесе туындауы туралы Кәсіпорын директорына хабарлау.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Кәсіпорынның контрагенттерімен өзара іс-қимыл жасауы

6.1. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды ресми мәлімдейтін және Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатын қолдайтын контрагенттермен іскерлік қарым-қатынаста болуға ұмтылады.

6.2. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, ол үшін контрагенттердің парақорлыққа төзімділігін бағалау, оның ішінде оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзіндік рәсімдерінің немесе саясатының болуын, олардың Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ережелерін сақтауға дайындығын тексеру, сондай-ақ ынтымақтастықты этикалық жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетеді.

6.3. Кәсіпорын контрагенттермен ашық қаржы қызметін жүргізуді ресми мәлімдейді және әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік қағидаттарын және сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығын қолдайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кәсіпорынның қызметі

7.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары:

7.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Кәсіпорынның бірыңғай саясатын жүргізу және Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа теріс қатынас қалыптастыру.

7.1.2. Кәсіпорындағы мүдделер шиеленісін анықтау және реттеу.

7.1.3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жұмыскерлерді құлағдар ету және кеңес беру.

7.1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара әрекеті.

8. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат ережелерін бұзғаны және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік

8.1. Кәсіпорын жұмыскерлері атқаратын лауазымына қарамастан, осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

9. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатын қайта қарау және оған өзгерістер енгізу тәртібі

9.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгергенде немесе Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатының тиімді ережелерінің жеткіліксіздігі анықталғанда, сондай-ақ өзге де жағдайларда ол қайта қаралуы және оған директордың бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

УТВЕРЖДАЮ
Директор
РГКП «Государственная концертная
организация «Қазақконцерт»
от «__» октября 2020 года
Ж. Сейдуллаұлы



Антикоррупционная политика
РГКП «Государственная концертная
организация «Қазақконцерт»

Нур-Султан 2020 г.

1. Назначение документа

1.1. Настоящая Антикоррупционная политика (далее – «Политика») является документом РГКП «Государственная концертная организация «Казақконцерт» (далее – Предприятие), определяющим ключевые принципы и требования, направленные на предотвращение коррупции и соблюдение норм применимого антикоррупционного законодательства Предприятием, руководством, работниками и иными лицами, которые могут действовать от имени Предприятия.

1.2. Правовую основу разработки и реализации Антикоррупционной политики Предприятия составляют Конституция Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года №410-V, законы Республики Казахстан, указы Президента Республики Казахстан и постановления Правительства Республики Казахстан, иные нормативные правовые акты, регулирующие отношения по противодействию коррупции, а также Устав Предприятия.

1.3. Политика сформулирована с учётом того обстоятельства, что в Казахстане и других странах мира «коррупцией», «коррупционными действиями», «коррупционной деятельностью», как правило, будут считаться дача или получение взяток, посредничество в даче или получении взяток, злоупотребление служебным положением или полномочиями, коммерческий подкуп, платежи для упрощения формальностей, незаконное использование должностным лицом своего положения для получения выгоды в виде денег, ценностей, иного имущества, услуг, каких-либо прав для себя или для иных лиц либо незаконное предоставление выгоды или прав этому лицу иными лицами.

1.4. Предприятие размещает настоящую Политику в свободном доступе на сайте в сети Интернет, открыто заявляет о неприятии коррупции, приветствует и поощряет соблюдение принципов и требований настоящей Политики всеми контрагентами, работниками и иными лицами.

2. Цели политики

2.1. Политика отражает приверженность Предприятия и ее руководства высоким этическим стандартам и принципам открытого и честного ведения бизнеса, а также стремление к поддержанию деловой репутации на должном уровне.

2.2. Предприятие ставит перед собой цели:

- Минимизировать риск вовлечения Предприятия, руководства и работников независимо от занимаемой должности (далее совместно - «Работники») в коррупционную деятельность.
- Сформировать у контрагентов, работников и иных лиц единообразное понимание политики Предприятия о неприятии коррупции в любых формах и проявлениях.
- Установить обязанность работников Предприятия знать и соблюдать принципы и требования настоящей Политики, ключевые нормы

применимого антикоррупционного законодательства, а также адекватные процедуры по предотвращению коррупции.

3. Область применения и обязанности

3.1. Все работники Предприятия должны руководствоваться настоящей Политикой и неукоснительно соблюдать ее принципы и требования.

3.2. Принципы и требования настоящей Политики распространяются на контрагентов и представителей Предприятия, работников, а также на иных лиц, в тех случаях, когда соответствующие обязанности закреплены в договорах с ними, в их внутренних документах, либо прямо вытекают из закона.

4. Применимое антикоррупционное законодательство

4.1. Работники должны соблюдать нормы казахстанского антикоррупционного законодательства, установленные, в том числе, Уголовным кодексом РК, Кодексом РК «Об административных правонарушениях», Законом РК «О противодействии коррупции» и иными нормативными актами.

4.2. Общеизвестные принципы и нормы международного права, основные требования которых сформулированы как:

4.2.1. запрет дачи взяток, т.е. предоставления или обещания предоставить любую финансовую или иную выгоду/преимущество с умыслом побудить какое-либо лицо выполнить его должностные обязанности ненадлежащим образом;

4.2.2. запрет получения взяток, т.е. получения или согласия получить любую финансовую или иную выгоду/преимущество за исполнение своих должностных обязанностей ненадлежащим образом;

4.2.3. запрет подкупа государственных служащих, т.е. предоставления или обещания предоставить (прямо или через третьих лиц) государственному служащему любую финансовую или другую выгоду /преимущества с целью повлиять на исполнение его официальных обязанностей, чтобы получить/удержать бизнес или обеспечить конкурентные или иные преимущества для коммерческой организации;

4.2.4. неспособность коммерческой организации предотвратить дачу взятки ассоциированным с ним лицом другому лицу от имени такой коммерческой организации, т.е. в случае, если коммерческая организация не докажет наличие у нее действующих адекватных процедур по предотвращению взяточничества, такая организация несет ответственность за дачу взятки лицом, оказывающим услуги в интересах коммерческой организации или от ее имени (например, агентом, дочерним обществом, работником) с целью приобрести или сохранить бизнес, обеспечить коммерческие и конкурентные преимущества.

4.3. С учетом изложенного всем работникам Предприятия строго запрещается, прямо или косвенно, лично или через посредничество третьих лиц участвовать в коррупционных действиях, предлагать, давать, обещать,

просить и получать взятки или совершать платежи для упрощения административных, бюрократических и прочих формальностей в любой форме, в том числе, в форме денежных средств, ценностей, услуг или иной выгоды, каким-либо лицам и от каких-либо лиц или организаций, включая коммерческие организации, органы власти и самоуправления, государственных служащих, частных компаний и их представителей.

5. Обязанности работников, связанные с предупреждением и противодействием коррупции

5.1. Обязанности работников Предприятия в связи с предупреждением и противодействием коррупции:

5.1.1. Воздерживаться:

- от совершения и (или) участия в совершении коррупционных правонарушений в интересах или от имени Предприятия;
- от поведения, которое может быть истолковано окружающими как готовность совершить или участвовать в совершении коррупционного правонарушения в интересах или от имени Предприятия.

5.1.2. Незамедлительно информировать директора Предприятия:

- о случаях склонения работника к совершению коррупционных правонарушений;
- о ставшей известной работнику информации о случаях совершения коррупционных правонарушений другими работниками, контрагентами или иными лицами.

5.1.3. Сообщать директору Предприятия, о возможности возникновения либо возникшем у работника конфликте интересов.

6. Взаимодействие с контрагентами Предприятия в сфере противодействия коррупции

6.1. Предприятие стремится иметь деловые отношения с контрагентами, декларирующими неприятие коррупции и поддерживающими Антикоррупционную политику Предприятия.

6.2. Предприятие прилагает разумные усилия для минимизации риска деловых отношений с контрагентами, которые могут быть вовлечены в коррупционную деятельность, для чего проводится оценка толерантности контрагентов к взяточничеству, в том числе проверка наличия у них собственных антикоррупционных процедур или политик, их готовности соблюдать положения Антикоррупционной политики Предприятия, а также оказывать взаимное содействие для этичного ведения сотрудничества и предотвращения коррупции.

6.3. Предприятие декларирует проведение прозрачной финансовой деятельности с контрагентами и поддерживает принципы добросовестной конкуренции среди потенциальных поставщиков и гласности и прозрачности процесса закупок.

7. Деятельность Предприятия по противодействию коррупции

7.1. Основными направлениями деятельности Предприятия по противодействию коррупции являются:

7.1.1. Проведение единой политики Предприятия в сфере противодействия коррупции и формирование на Предприятии негативного отношения к коррупционному поведению.

7.1.2. Выявление и урегулирование конфликта интересов на Предприятии.

7.1.3. Информирование и консультирование работников по вопросам профилактики и противодействия коррупции.

7.1.4. Взаимодействие Предприятия по вопросам противодействия коррупции с государственными органами, организациями и гражданами.

8. Ответственность за нарушение положений Антикоррупционной политики Предприятия и за коррупционные правонарушения

8.1. Работники Предприятия, независимо от занимаемой должности, несут ответственность, предусмотренную действующим законодательством Республики Казахстан, за соблюдение принципов и требований настоящей антикоррупционной политики.

9. Порядок пересмотра и внесения изменений в Антикоррупционную политику Предприятия

9.1. При изменении законодательства Республики Казахстан, либо выявлении недостаточно эффективных положений антикоррупционной политики Предприятия, а также в иных случаях она может быть пересмотрена и в неё могут быть внесены приказом директора изменения и дополнения.